

тақырыптық есеп шығару икемділігін бекітуге, білімді меңгерудің тиімділігін арттыруға және кәсіби құзыреттілік негіздерін бойына қалыптастыруға себін тигізеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Лапчик М.П., Рагулина М.И., Хеннер Е.К. “Численные методы”, М., Academia, 2004 г.

2. Дьяконов В.П. “Учебный курс. MathCad 2000”, Питер – 2000г.

\*\*\*

*В этой статье описаны методы решения алгебраических уравнений с помощью различных компьютерных программ и эффективность их применения в обучении.*

\*\*\*

*The methods for solving algebraic equations with the help of computer programs and their use in training is described in this article.*

ӘОЖ 378;340

**Наурзалиева С.М.**

оқытушы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ

**ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ  
ЖАҒДАЙЛАРЫНДА СТУДЕНТТЕРДІ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕЛЕУ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Құқықтық нигилизм, құқықтық мәдениеттің төмендігі, заңдарды сақтамау және олардың бұзу жастар арасында көптеп орын алып жатыр. Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру барысында мемлекет алдында тұратын қазіргі заманғы проблемалардың арасында ең өзектісі – бұл жастар арасындағы қылмыстылық. Жастармен жасалатын қылмыстар саны көбейіп бара жатыр, әкімшілік құқық бұзушылықтар саны да аз емес, ал тәртіптік құқықбұзушылықтардың саны шексіз.

Студент жоғары оқу орнына келген күнінен бастап белгілі бір құқықтық жүйеге енеді. Бұдан басқа, ол Қазақстан азаматы ретінде, Конституцияға сәйкес, «негізгі құқықтар мен бостандықтарды» тумысынан иемденеді (Конституция 12-бап, 2-б.). Сонымен қатар, оның кейінгі өмірі, соның ішінде ересек жылдары белгілі бір құқықтық кеңістікте өтеді және нақты құқық салаларымен немесе жекелеген заңдармен, заңға негізделген актілермен реттеледі. Оларға халықаралық ұйымдардың құқықтық актілерін (Жалпыға ортақ адам құқықтарын қорғау декларациясы (1948ж.), Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті (1966ж.) және т.б.), Қазақстанның ағымдағы заңнамалары мен кейбір ведомстволық нормативтік актілерді жатқызуға болады. Жастардың басым көпшілігі бұл құжаттардың мазмұнымен таныс емес деуге болады, мемлекеттің құқықтық жүйесін дұрыс түсінбейді, қоғамда қалыптасатын құқықтық қатынастардың субъектісі ретінде өзінің құқықтарын пайдалану мен міндеттерін атқару саласында мүлдем сауатсыз. Көбіне жастарда заңға сәйкес тәртіптің дұрыс құқықтық модельдері болмайды. Негізінен өмірде олар жеке интуициясын, не шындыққа сәйкес келмейтін немесе құзыретті емес кеңестерді басшылыққа алады.

Қалыптасқан жағдайда жастарды оқытушыдан оның теориялық-әдістемелік негіздерді терең білуін, сондай-ақ адамгершілік-құқықтық мәдениеттің жоғары деңгейін талап ететін адамгершілік-құқықтық тұрғыдан тәрбиелеу мәселесі ерекше ұшығады. Қазіргі жағдайларда жастарда келесі қасиеттердің жетіспейтіндігі сөзсіз:

- жаңа жағдайларда өмір сүруге және еңбек етуге құқықтық және адамгершілік дайындығы;

- өмірдің қиын жағдаяттарынан сүрінбей шығуына білімдері мен тәжірибелері;

- азғындаушылықтан, бұрыс шешімнен тұлғаны сақтайтын моральдық принциптері.

Студенттерді құқықтық тәрбиелеудің басты міндеттердің бірі – оларда, дұрыс ұстанымды сақтап қалу үшін қажетті ерік қасиеттерін қалыптастыру. Олар – мақсаттылық, яғни қоғамдық пайдалы мақсаттарды таңдау және оларға жету; дербестік, яғни өзінің әрекеттерін негіздеу мен шешімдерді қабылдау қабілеттіліктері, өзінің ішкі сеніміне сүйене отырып, әлеуметтік нормалар жүйесінде бекітілген, жалпы мемлекеттік мүдделерге сәйкес әрекет жасау.

Құқықтық тәрбиенің міндеті – әрбір адамның құқықтық нормаларды мәжбүрлеу қорқынышы арқылы емес, тек өзінің ішкі қажеттіліктері күшімен, өзінің адамгершілік ұстанымдары арқылы сақтайтындай құқықтық сана деңгейіне қол жеткізу болып табылады.

Студенттердің құқықтық тәрбиесіне көптеген факторлар әсер етеді, оларды бірнеше топтарға жүйелеуге болады:

1. Жеке психикалық факторлар: мінез-құлықтың жеке бас сипаттамалары.

2. Жеке соматикалық факторлар: соматикалық аурулар, көбіне жеткіліксіз дене дамуы.

3. Әлеуметтік оқу факторлары: ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық ахуал, топтағы әлеуметтік мәртебе, оқу орнындағы оқыту деңгейі.

4. Микро және макро ортаның ықпалы.

Құқықтық тәрбие процесі құқық туралы белгілі бір білімдерді қабылдаумен шектелмей, құқықтық мазмұны бар тәжірибелік мәселелерді шешу үшін тұлғаның әр алуан тәсілдер мен әдістерді ұғыуын қамтамасыз ету қажет.

Құқықтық тәрбиенің теориясы мен әдістемесі педагогиканың, тұлға психологиясының және әлеуметтік психологияның, криминологияның, этиканың, эстетиканың маңызды жетістіктерін, сондай-ақ тәрбиелеудің сан алуан түрлері мен бағыттарының, яғни патриоттық, еңбек, отбасы және т.б. әдістемелері мен нысандарын игеріп, қабылдауы қажет. Құқықтық тәрбиенің процесі келесі аспектілерден тұруы қажет:

- құқықтық білім беру, оның өзі тұлғаның құқыққа қарсы мінез-құлқын болдырмауға қабілетті, маңызды алдын алушы фактор болып табылады. Тәжірибе мен зерттеулер жасалатын әрекеттердің құқықтық салдарын болжаудың өзі тежеу шарасы екенін көрсетеді. Бірақ, өкінішке орай, адамға көбінесе осындай болжау жетіспейді. Ал бұл құқықтық сауатсыздықтың нәтижесі болып табылады, өйткені болжау дәлме-дәл құқықтық білімге сүйенеді;

- құқықтық нормаларға адекватты қатынасты тәрбиелеу және тұлғаның құқықтық мінез-құлқының тұрақты дағдысын қалыптастыру. Қатынастардың қалыптасқан жүйесі бағалаушы және реттеуші факторлардың рөлін аңғарды: өзінің мінез-құлқын құқықтық тұрғыдан бағалау және реттеу;

- қоғамға пайдалы құқық қолданушылыққа өзінің жеке үлесін қосу үшін азаматта құқықтық сана-сезімін тәрбиелеу.

Құқықтық тәрбие өзінің мақсаты ретінде адамның өзін, оның құқықтық сана-сезімін және құқықтық мәдениетін дамытуды қояды. Құқықтық тәрбиелеуде негізгі үш буынды тізбекке сүйеніш жасалады: заңдарды білу – оларды сақтау қажеттілігіне сену – құқықтық әлеуметтік-белсенді мінез-құлық.

Құқықтық тәрбие – бұл заңға құрметтеушілік қатынасын қалыптастыру, заңды үлкен әлеуметтік құндылық ретінде көру, жауапкершілік сезімін, сыбайлас жемқорлыққа, құқыққа жат мінез-құлыққа төзбеушілікті дамыту.

Тәрбие біртіндеп сана-сезімге айналады, одан кейін азаматтардың жалпы құқықтық мәдениетін қалыптастырады.

Құқықтық тәрбие мақсатына жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

1) Сауалнама, сұрау, тест жүргізу арқылы студенттердің қызығушылықтарын және құқық саласында білім деңгейлерін зерттеу;

2) Студенттердің құқықтық санасын қалыптастыруына ықпал ететін әдеби қорын жинақтау;

3) Студенттерге оларға қажетті құқық саласынан білім беру.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Горшенин Л. Г. Правовое обучение и воспитание учащихся: проект концепции. - <http://ecsocman.edu.ru/direktor/msg/16853349.html>.
2. Ибраева А.С. Правовая культура: проблемы теории и практики. Алматы, 2002.
3. Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей құқықтық оқуды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің қаулысы. 1995 жылғы 21 маусым N 2347.
4. Проблемы правового воспитания в современных условиях Казахстана - <http://legal-clinic.ru/articles.html?id=34>.

\* \* \*

*В данной статье рассмотрены проблемы правового воспитания студентов в условиях современного ВУЗа. Раскрыты понятия правового воспитания, факторы влияющие на правовое воспитание студентов и пути достижения целей правового воспитания.*

\*\*\*

*This article has considered the problems connected with legal education of students in the up-to-date Institute of High Education. There have been studied conceptions of students, factors exerting influence on it and means of achieving its goal.*

ӘОЖ 21:375

**Кенжегулова Ә.А.**

оқытушы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ

**СТУДЕНТТЕРДІ ГУМАНИТАРЛЫҚ БАҒЫТТА ДАЙЫНДАУ  
ЖҮЙЕСІНДЕГІ ДІНТАНУ ПӘНДЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ**

Дін - рухани мәдениеттің ерекше формасы ретінде алғашқы қауымдық кезеңнен бері адам өмірінде маңызды орын алады. Адамзат тарихы барысында әр түрлі діни формалар өмір сүрді, адамдар әр түрлі құдайларға сыйынды. Кейбір наным-сенімдер тарих қойнауына сіңіп кетсе, басқалары әлі күнге дейін маңызын жойған жоқ, ал тағы бірі жаңа заманға бейімделсе, енді бірі жаңадан пайда болуда. Діннің құрылымы өте күрделі болып келеді: сенім, адамның дүниеге деген көзқарасы және ондағы өзінің маңызы, ұстанымдар, құндылықтар, идеалдар, қарым-қатынастар, сыйыну, сонымен қатар, ұйым, иерархиялық құрылым, қасиетті жазбалар, дәстүрлі-мәдени іс шаралар жиынтығы. Діннің адамзаттың күнделікті өміріне енгені соншалық, ол мәдениетпен ұштасып, тек мамандардың ғана емес, қарапайым адамдардың, әсіресе жастардың назарын аударуда. Діни ренессанс жағдайында адамның дінге деген қарым-қатынасы саналы болмақ. Айта кететін жайт, бүгінде қоғам мен адамның дінге және діни мәселелерге қарым-қатынасы күрделі. Фундаменталистік, экстремистік бағыттардың дамуы, дәстүрлі емес діни ұйымдар мен секталардың пайда болуы мен көбеюі діни құбылысқа басты назар аударуды талап етеді. Бұл қызығушылыққа жауап ретінде «Дінтану» пәнін алуға болады [1].

Дінтану – бұл әлеуметтік-гуманитарлық білім кешені. Ол өзіне философияны және дін әлеуметтануын, дін тарихы мен дін психологиясын қосады. Оның басты мақсаты – діннің мәнін, қайнар көзі мен пайда болу себептерін, оның даму сатыларын, қоғам мен адам өміріндегі рөлі мен маңызын, мәдениеттің басқа формаларымен өзара қарым-қатынасын зерттеу. Гуманитарлық білімнің ерекше облысы ретінде, дінтану басқа да гуманитарлық пәндермен бірге философия, әлеуметтану, психология, антропология, тарих, этнография, тіл білімімен шектеседі және адамзаттың әлеуметтік-тарихи және мәдени дамуы кезеңіндегі дінді зерттеуді өзінің мақсаты етіп қояды. Дінтану діннің барлық болмысын қарастыруға